

ЖАҒАНДАНУ КОНТЕКСТІНДЕГІ МӘДЕНИЕТТЕРДІҢ ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ: ТАРИХИ ҮДЕРІСТЕР МЕН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТЕНДЕНЦИЯЛАР

¹Садыкова Т.М., ²Какимжанова М.К. *, ³Анламасова Ы.Ж.

^{1,2}С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
(Астана, Қазақстан)

³Е.А.Букетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті (Қарағанды, Қазақстан)
¹storgyn@mail.ru, ²rita_k79@mail.ru, ³ulussy@mail.ru

¹Sadykova T., ²Kakimzhanova M., ³Anlamassova Y.

^{1,2}S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University (Astana, Kazakhstan)
E.A.Buketov Karaganda Research University (Karaganda, Kazakhstan)
¹storgyn@mail.ru, ²rita_k79@mail.ru, ³ulussy@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада жаһандану феноменінің мәдениетке әсер ету механизмдері, оның генезисі мен қазіргі уақыттағы рөлі эпистемологиялық негіздеумен талданады. Зерттеу жүргізу кезеңінде мәдениеттердің өзара ықпалдастығы мен даму процесіндегі негізгі үдерістерді айқындау, жаһанданудың оң және теріс салдарын бағалау, сонымен қатар заманауи ақпараттық технологиялардың мәдениетаралық алмасуға тигізетін ықпалын талқылау әдістері қолданылды. Ұсынылып отырған мақалада тарихи мысалдар арқылы мәдени бейімделу мен өзара әсерлесудің механизмдері жүйелі түрде ашылды. Қазіргі уақытта жаһандану ақпараттық желілер, инновациялық технологиялар және бұқаралық мәдениет арқылы үдеу алып, этноұлттық ерекшеленулерді жою қауіпін тудыратыны анықталды. Мәдениеттің жаһандануының адамзат үшін объективті заңдылық екені, бірақ оның салдарын басқаруда ұлттық бірегейлікті сақтау, мәдени әртүрлілікті қолдау және экологиялық тәуелділікті арттыру тәрізді мәселелерді шешу керектігі көрсетілген. Зерттеу заманауи әлеуметтік-мәдени трансформацияларды түсінуге және оларды басқару стратегияларын әзірлеуге ықпал етеді.

Түйін сөздер: жаһандану, мәдениетаралық әрекеттесу, ассимиляция, интеграция, ұлттық бірегейлік, технологиялық инновациялар, мультикультурализм.

Kіріспе

Қазіргі заманда жаһандану үдерісі әлемдік қоғамның барлық салаларына, соның ішінде мәдениетке де үлкен ықпал етіп келеді. Жаһандану тек экономикалық және саяси өзгерістермен шектелмейді, ол мәдениетаралық қарым-қатынастарды да тереңдей түсіреді. Мәдениет халықтардың рухани және әлеуметтік өмірінің негізі болып табылады, ал мәдени жаһандану әр ұлттың өзіндік ерекшеліктеріне тікелей әсер етеді.

Мәдениеттердің өзара ықпалдастығы мен жаһандануы - адамзаттың тарихи дамуының күрделі және көпқырлы үдерісі. Жаһандану тек экономикалық, саяси немесе әлеуметтік салада ғана емес, мәдениет пен өркениеттер арасында да айқын көрініс табады.

* Автор-корреспондент - Какимжанова М.К., rita_k79@mail.ru

Адамзат тарихы екі негізгі қарама-қарсы үдеріске негізделген: мәдениеттердің саралануы және мәдениеттердің интеграциясы. Алғашқысы мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін сақтап, дамытумен байланысты болса, екіншісі мәдени алмасу және сыртқы ықпалдың қабылдануы арқылы мәдениеттердің бірігуіне әкеледі. Бұл екі үдеріс тарих бойы бір-бірімен қатар жүріп, адамзаттың рухани, интеллектуалдық және технологиялық дамуына әсер етті.

Мәдениеттердің өзара ықпалдастығы және жаһандануы адамзат дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және осы екі үдерістің күрделі байланысы арқылы мәдениеттер дамиды. Қазіргі заманда мәдениеттің жаһандану үдерісі ақпараттық технологиялардың дамуы, байланыс құралдарының кеңеюі және идеялар мен құндылықтардың тез таралуы арқылы қарқынды түрде жалғасуда. Бұл үдеріс әртүрлі мәдениеттердің бірігуіне әкеліп, біртұтас жаһандық мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді. Дегенмен, бұл үрдіс тек оң әсерлерге ғана емес, сонымен қатар этникалық және ұлттық мәдениеттердің жойылуы, бұқаралық мәдениеттің үстемдігі сияқты қиындықтарды да туындатады.

Әлемдік тарихи тәжірибелер көрсеткендей, мәдениеттердің интеграциясы мен ассимиляциясы әрқашан да географиялық, экономикалық және саяси факторларға байланысты болды. Қазіргі кезде жаһандану үдерісі бұрынғыдан да күрделірек және динамикалық болып, әлемдік мәдениеттің біртұтас болашағын қалыптастыруға ұмтылуда. Бірақ бұл үрдістің нәтижелері адамзаттың рухани және мәдени әлеуетін сақтау мен дамыту мәселелерін шешуге байланысты болады.

Осылайша, мәдениеттің жаһандануы - бұл адамзат тарихының табиғи және объективті үрдісі, ол әртүрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен интеграциясы арқылы жаңа біртұтас әлемдік мәдениеттің қалыптасуына әкеледі. Бұл үрдістің маңыздылығын түсіну және оның қиындықтарын шешу - қазіргі заманның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Зерттеу әдіснамасы

Мәдениеттің жаһандану үдерісін талдау мақсатында тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Қолданылған дереккөздерге тарихи құжаттар, философиялық еңбектер, сондай-ақ қазіргі зерттеулер мен энциклопедиялық материалдар жатады. Зерттеу аясында талдау, синтез, салыстыру және жалпылау әдістері қолданылды. Сонымен қатар, мәдениеттің жаһандану үдерісін түсіну үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың рөлі, байланыс құралдарының кеңеюі және идеялар мен құндылықтардың тез таралуы сияқты факторлар ескерілді.

Мақаланың әдіснамалық негізі ретінде мәдениеттің эволюциясын талдауға бағытталған кешенді тәсіл қолданылды. Бұл тәсіл арқылы мәдениеттердің өзара әрекеттесуінің тарихи және қазіргі заманғы аспектілері, сонымен қатар жаһандану үдерісінің әлеуметтік-экономикалық және саяси факторларына байланысты өзгерістері қарастырылды.

Мәдени жаһандану: тарихи үдерістер мен қазіргі тенденциялар

Жер бетіндегі мәдениеттің эволюциясы екі негізгі қарама-қарсы үрдіске сәйкес дамиды, олардың біріншісі барлық мәдениеттердің тұрақты саралануына, дамуы-

на, күрделенуіне, сонымен қатар, бір-бірінен алшақтығына байланысты дамуына қарай ерекшеліктерінің күшеюіне, ал екіншісі, керісінше, бір мәдениеттердің басқа мәдениетке сіңірілуімен байланысты жүріп отырды. Екінші ағым негізінен белгілі бір халықтардың өздері жаулап алған ұлттарды толығымен бағындыруға деген ұмтылыспен қатар, басқыншылық саясат жүргізуіне байланысты болды. Ал мәдениет бұл жағдайда ең тиімді құралдардың бірі ретінде есептелді.

Осы екі ағыммен қатар, адамдардың жат мәдениеттердің идеялары мен элементтерін қабылдау ерекшелігіне байланысты адамзат тарихында болған және қазір де болып жатқан үшінші тенденция бар. Ол кейбір халықтар арасында әр түрлі қарқындылықпен өтіп жатқан басқа мәдениеттерден көптеген элементтердің енуі немесе мәдени өзара алмасуы. Адамның ақиқатты қабылдау, тану және меңгеру, белгілі бір білім мен тәжірибені иемденуі, ендіруі және өз бетінше игеру қабілетіне негізделген дәл осы үрдіс қазіргі уақытта мәдениеттің жаһандану үдерісі деп аталатын құбылысты қамтамасыз ететіні белгілі. Мәдени жаһанданудың негізінде адамзаттың дәл осы қасиеті тұрғанын байқауға болады және оның тарихы қаншалықты күрделі де қайшылықты болса да, адамзат тіршілік етуін тоқтатпайынша бұл үдерістің де тоқтамайтынына кепілдік беретіні анық.

Кейінгі қарабайырлық дәуірінен бастап Жер шарының барлық дерлік аумағына тараған адамзат өз дамуында өркениеттік сатыға көшіп, өз мәдениеттерін дамытты, және географиялық тұрғыдан алшақтығы неғұрлым ұзақ болған халықтар мәдениеті өздеріне тән, қайталанбас ерекшелікпен қалыптасты. Осылайша, Американың байырғы халықтарының еуропалықтар жаулап алғанға дейінгі мәдениеті Еуразия континентіндегі халықтардың мәдениетінен барлық жағынан дерлік ерекшеленді. Бұл ең алдымен екі суперөркениеттің де бір-бірінен толықтай оқшау дамығандығына байланысты болды.

Тұрмыс қалыптары бір-бірімен үйлеспейді, өзара ештеңемен алмаса алмады. Азия және еуропалық халықтардың мәдениеттерінде негізінен ғасырлар бойы жалғасқан бәсекелестік салдарынан туындаған көптеген айырмашылықтарға қарамастан, біршама ортақ және ұқсас элементтер де кездеседі. Өркениеттердің дамуының кейінгі кезеңдерін бақылап қарасақ, олардың өзара ұқсастығының артқанын байқауға болады. Дегенмен, бұл жалпы сипатта болған жоқ.

Осылайша, халықтардың (немесе халықтар топтарының) географиялық тұрғыдан алшақ орналасуы өркениеттер мен мәдениеттердің дифференциациясына, яғни олардың арасындағы айырмашылықтардың пайда болуына және ұдайы өсуіне әкелді. Ал, керісінше, географиялық жақындық жалпы алғанда мәдениеттерді жақындастырып, өзара байланыстарды нығайтуға мүмкіндік берді. Бір континентте немесе салыстырмалы географиялық жақын орналасқан халықтар мен мәдениеттер үшін қарама-қарсы бағыттарға бағытталған екі жалпы тенденция тән болды. Бұл тенденциялардың біріншісі әр түрлі халықтардың жер мен байлық үшін кескілескен күресіне байланысты болды және олардың этникалық шекараларының тұйықталуы мен өз мүдделеріне толық шоғырлануына әкелді, бұл жоғарғы деңгейлі ерекшелікпен, бірегейлігімен сипатталатын этникалық, кейіннен ұлттық мәдениеттердің қалыптасуына айтарлықтай ықпал етті. Екінші тенденция халықтар арасындағы тұрақты өзара қарым-қатынаспен және олардың арасындағы әр түрлі байланыстарға қатысты болды. Табиғаты бойынша бейбіт немесе қайшылықты сипат алғанына қарамастан,

бұл өзара қарым-қатынас пен байланыстар қалай болса да белгілі бір біліммен, идеялармен, өнімдермен, әртүрлі техникалық құралдармен, технологиялармен алмасуға және олардың осы өзара әрекеттесуге қатысушы халықтардың мәдениетінде тұрақталуына әкелді. Бұл тенденциялардың біріншісін шартты түрде саралаушы, бөлуші деп, ал екіншісін біріктіруші, әмбебап деп анықтауға болады. Сонымен қатар, екінші тенденция мәдениеттің жаһандану үдерісінің негізі болып табылады. Адамзат дамуының белгілі бір деңгейіне және оған сәйкес келетін сатысына байланысты осы тенденциялардың бірі екіншісінен басым болады. Қазіргі уақытта біз біріктіруші, әмбебап тенденцияның айқын басым болып келе жатқан даму сатысында тұрмыз. Бұл ең алдымен әртүрлі байланыс құралдарының, желілердің, сондай-ақ идеялар мен технологиялар алмасуының және өзара тиімді әрекеттестіктің қарқынды дамуымен байланысты.

Бірнеше өркениеттер өз дамуында жаңа рухани және интеллектуалдық деңгейге көтерілген кезде әмбебап, біріктіруші тәртіп идеясы пайда болды. Бұл идея бірқатар халықтардың санасына берік орнығып, монотеизм түсінігіне айналды. Оның діни-мифологиялық негізі мен формасы іс жүзінде барлық адамдардың шығу тегінің бірлігін, сондай-ақ олардың Құдай алдындағы теңдігін мойындап, жариялады. Бұл тұжырым адамзаттың рухани дамуы мен әмбебап құндылықтардың қалыптасуы үшін маңызды қадам болды. Жер бетіндегі халықтар бір Құдай туралы идеяға бір уақытта және әр түрлі жолмен келмегені анық, бірақ соған қарамастан, уақыт аралығында салыстырмалы түрде алшақтығы ұзақ болған жоқ. Идеяның өзі ақырында, шамамен екі жарым мың жыл бұрын қалыптасып, содан кейін діни және рухани кеңістікті табанды және дәйекті түрде жаулап ала бастады. XX ғасырдағы белгілі неміс философы және психологы, экзистенциализмнің көрнекті өкілдерінің бірі К.Ясперстің пікірінше: «Бір мезгілде дерлік б.з.д. 600 ж. Заратуштра Парсыда, Үндістанда Гаутама Будда, Қытайда Конфуций, еврейлер арасында пайғамбарлар, Римде король Нума, Эллададағы алғашқы философтар иондықтар, дорийлердің, элеаттардың халық дінінің реформаторлары ретінде әрекет етуінің кездейсоқ болуы мүмкін емес» [1, 39 б.]. Адамзат тарихының бұл кезеңі адамдардың стихиялық, инстинктивті, бейсаналық болмысынан шынайы адами, мақсатты өмірлік әрекетке ауысуы орын алған бетбұрыс кезеңі екеніне көз жеткізе отырып, К. Ясперс оны «тарихтың белдеулік уақыты» деп анықтады, соған байланысты ол былай деп жазды: «Дүниежүзілік тарихтың бұл белдеуі шамамен б.з.д. 500 жылға дейін созылып, б.з.д. 800-200 жылдар аралығындағы рухани процестерді қамтиды. Сол кезде тарихтағы ең күрделі бұрылыс болды. Қазіргі уақытқа дейін сақталған жаңа адам сипаты пайда болды. Бұл уақытты қысқаша белдеулік уақыт деп атаймыз» [1, 32 б.].

О.А. Сегізбаев бұл кезеңді экология және табиғатты қорғау тұрғысынан қарастыра отырып, адамның табиғатқа мәнді де белсенді әсерінің бастауы «белдеулік уақыттан» қаланғанын және бүгінгі күнге дейін табиғатты экологиялық дағдарысқа әкелетіндей әсер етіп отырғанын сипаттады. Ол «егер бұрын адам табиғатпен қосылып, оның органикалық бөлігі болса, онымен бірлікте өмір сүрсе, енді ол бүкіл әлемге іштей қарсы шыға бастады» деген тұжырымына тоқталсақ, әрине, «белдеулік уақыттың» алдындағы кезеңде адам шынымен де «табиғатпен қосылып, оның органикалық бөлігі болды, онымен бірлікте өмір сүрді» [2, 37 б.].

Егер «белдеулік уақытты» зерттеуді осы мақаладағы ережелер тұрғысынан бағалайтын болсақ, оның басталуы, біздің ойымызша, мақаланың басында көрсеткен тенденциялардың үшінші түрімен байланысты. Бұл тенденция адамдардың бөтен мәдениеттердің элементтерін қабылдау қабілетіне негізделеді, ол адамзат тарихында және қазіргі уақытта да кейбір халықтардың басқа мәдениеттермен өзара алмасуында, идеялары мен элементтерін ендіруде байқалады.

Осыған байланысты К. Ясперстың ойын қайталау орынды болады: «Парсыда Заратуштра, Үндістанда – Гаутама Будда, Қытайда – Конфуций, яһудилерде – пайғамбарлар, Римде – Нума патша, ал Элладада – алғашқы философтар ионийлықтар, дорий, элеатардың халықтық діннің реформаторлары ретінде пайда болуы кездейсоқ емес». Егер бұл фактіні, сәйкестікті қандай да бір мистикалық жолмен түсіндіруге тырыспай, керісінше, ғылыми логиканы қолдана отырып түсіндірсек, мұндай сәйкестік тарихтың сол кезеңінде қалыптасқан коммуникациялар мен байланыстар жүйесі жағдайында идеялармен алмасу нәтижесінде пайда болды деп болжауға болады, сонымен қатар технология мен білімнің жалпы деңгейі идеяларға, бір мәдени топырақтан екіншісіне ауысу арқылы «адасуға», «саяхаттауға» және таралуға мүмкіндік берді.

Империялық халықтардың тәжірибесі көрсеткендей, ең қарқынды, яғни мүмкіндігінше жеделдетілген түрде жүзеге асырылған мәдени ықпал жасаудың түрі территорияларды басып алу, содан кейін жаулап алынған халықтардың тілі мен мәдениеттерін ассимиляциялау болды. Мысалы, Рим империясының өрлеу тарихы Рим мен оған іргелес аумақтар мұқият қаруланып, бөтен жерлерді басып алуға кіріскен сәттен басталды. Бірнеше ғасырлар бойы Рим Жерорта теңізін өз ішіне енгізді, сонымен қатар, бірнеше ғасырлар бойы империяның аумағына енген халықтарды ассимиляциялау үрдісі жүрді. Римнің мәдени және лингвистикалық саясатының маңызды нәтижелерінің бірі қазіргі уақытта барлығы он бір тілді қамтыған [3], атап айтқанда испан, португал, француз, итальян, румын, Каталан және т. б. сияқты көптеген роман тілдері халықтық-латын тіліне негізделіп пайда болды. Өз кезегінде испандықтар, португалдықтар мен француздар өздерінің дамуының белгілі бір тарихи кезеңінде экспансиялық саясатты жүзеге асыру арқылы латын тіліне негізделген өз мәдениеттері мен тілдерін бүкіл әлемге тарата бастады. Айта кету керек, қазіргі уақытта испан тілінде шамамен 450 миллион адам [4], португал тілінде – 240 миллион адам [5], француз тілінде – шамамен 280 миллион адам [6], итальян тілінде – шамамен 65 миллион адам [7], румын тілінде – шамамен 24 миллион адам [8], Каталан тілінде – шамамен 12 миллион адам сөйлейді [9]. Яғни, қазіргі әлемде роман тілдерінде бір миллиардтан астам адам сөйлейді, яғни Жер шары халқының жетінші бөлігін құрайды. Бұл өте маңызды дәйекті біздің зерттеу тұрғысынан бағалай отырып, мәдениеттің жаһандану процесі ежелгі дәуірде, тіпті Антика дәуіріне дейін, алғашқы мемлекеттер құрылған кезден және сол мемлекеттерді құрған халықтар өз иеліктерінің аумақтық кеңеюіне кіріскен кезден басталды деп айтуға болады. Рим империясына келетін болсақ, бұл саясат пен мәдениеттің жаһандану процесінің ең жарқын және сәтті мысалдарының бірі болып табылады, ол біздің ойымызша, адамның өзін-өзі сақтауға және өзін-өзі мойындатуға ұмтылған табиғатына негізделген, және объективті тұрғыдан жеке ықпалы мен билігін кеңейтуде ең табысты болып келеді. Осы мәлімдемеге байланысты Ф. Ницшенің барлық тіршілік

иелерінің, соның ішінде, әрине, адамның негізгі қасиеті билікке деген ерік-жігер деп санаған пікіріне сілтеме жасау орынды болады, ол былай деп жазды: «Егер болмыстың ең терең мәні билікке деген ерік болса, егер ләззат биліктің кез-келген өсуімен бірге жүрсе, ал наразылық қарсыласудың мүмкін, басымдыққа ие бола алмау сезімімен бірге жүрсе, біз бұл жағдайда ләззат пен наразылықты түбегейлі фактілер үшін қабылдау керек пе?... Бірақ билікті кім қалайды?... Кез-келген болмыстың өзі билікке деген ерік-жігер болған кезде, демек, ләззат пен наразылық сезімі де пайда болады! Дегенмен, ол қарама-қайшылықтардың, қарсылықтың, яғни салыстырмалы түрде, өз шекарасын кеңейтуге ұмтылатын басқа бірліктердің қажеттілігін сезінеді» [10, 330 б.].

Атақты философтың сөзімен айтқанда, бұл адамдарды «өз шегін кеңейтуге» итермелейтін билікке деген ерік, ал әдістер мен құралдардың нақты жиынтығы шарттар мен жағдайлардың тұтас спектрімен, мысалы, тарихи дәуірмен, бәсекелес халықтардың күштерінің тепе-теңдігімен, кеңейіп келе жатқан мемлекеттің немесе өркениеттің техникалық және технологиялық деңгейімен және т.б. анықталады. Рим мемлекетіне келетін болсақ, оның айрықша белгілерінің бірі - ол бөтен территорияларды мұқият игеріп, ол үшін қазіргі заманғы стандарттар бойынша дамыған жолдар жүйесін құрды, оған сәйкес XX ғасырдың әйгілі тарихшысы және философы В. Дюранттың сөзімен айтқанда, «антиканың егіншілік, қолөнер және өнер өндірісі технологиялары, монументалды құрылыс ғылымы, банктік инвестициялық операциялар, медицина және әскери госпитальдарды ұйымдастыру, қалалық санитария орта ғасырлар және жаңа заманға өтті... шығыстан әкелінді және батыста тамыр жайды» [11, 720 б.]. Осы жолдардың арқасында Рим өзінің ассимиляциялық саясатында айтарлықтай жетістікке жеткені анық. Сонымен қатар, Римде жолдар мен көпірлердің, сондай-ақ көлік құралдарының анағұрлым дамыған жүйесінің болмауы салдарынан Рим империясы өзі игерген аумақтан асып кетуіне, Солтүстік Еуропаға, Азияға және т.б. жерлерге тереңінен енуге мүмкіндігі болмады. Халықтар мен өркениеттерді бір-бірінен алшақтатып тұрған айтарлықтай қашықтық олардың тәуелсіз дамуы мен өзіндік ерекшелігінің кепілі болды. Екінші жағынан, Римнің өзі «шығу тегі бойынша грек, қызметі мен нәтижесі бойынша Рим мәдениетін құрды. Ол басқарудың қамына тым қатты батып кеткені соншалық, Греция аянбай тудырған рух патшалығын құра алмады; бірақ ол Карфаген мен Египеттен, Грециядан және Шығыстан алған техникалық, интеллектуалды және көркемдік мұраларын ризашылықпен сіңіріп, сақтап қалды» [11, 719 б.].

Өз мәдениеті мен тілін экспансионистік жолмен таратудың тағы бір жарқын мысалы ретінде арабтардың, араб тілінің және исламның тарихын атауға болады, ол Арабтардың құрайыш тайпасының қойнауында пайда болған. VII ғасырдың басында Меккеден шыққан Мұхаммед монотеизмді уағыздай бастады және кейіннен исламның басты көшбасшысы болды [12]. Уағыздау барысында ол мұсылман қауымы умманы құрды, олар Мұхаммедтің тікелей билігі кезінде әскери қуатты Халифат мемлекетінің негізі қаланды және оны басқарды, бұл әскери күш өзі пайда болған араб түбегінен тыс шамамен жүз жыл ішінде Батыс Еуропаның бір бөлігін, Азияның оңтүстік-батысын, Солтүстік Африка, Испаниядан Үндістан шекараларына дейін созылып жатқан Оңтүстік-Батыс Азияға дейінгі жерлерді басып алды. Халифат өзінің алғашқы территорияларынан асып, одан тыс

тайпаларды бағындырған сәттен бастап «араб» этнонимі осы тайпаларға көшті, олар кейіннен ортағасырлық араб этносын құрады, соның арқасында негізінен қалалардың сауатты тұрғындары ислам дінін дамытып, тарата бастады. Негізінен милитаристік әдістермен орын алған исламды ұстанған арабтардың көші-қоны, сайып келгенде, жаулап алынған тайпалардың арабтануына әкелді, олар екі негізгі формада - исламдандыру және араб тілін меңгеру арқылы іске асырылды [12].

Жоғарыда айтылғандай, VII-IX ғасырлар аралығында жүзеге асырылған табысты экспансиялық саясаттың арқасында пайда болған теократиялық Ислам мемлекеті - араб халифатының XVI ғасырдың алғашқы екі онжылдығына дейін созылды [13]. Қазіргі әлем үшін Араб халифатының өмір сүруінің ең маңызды екі нәтижесі, біріншіден, қазіргі уақытта араб тілін 240 миллионға жуық адам ана тілі деп санайды және тағы 50 миллион адам еркін тілдесе алады, сонымен қатар, Құранда ұсынылған классикалық араб тілі исламды ұстанатындардың әртүрлі діни рәсімдері мен рәміздерде қолданылады [14]; екіншіден, әлемдегі мұсылман дінін ұстанушылар саны бүгінгі таңда 125-тен астам мемлекетте тұратын, соның ішінде Қазақстан мен Қырғызстанды санағанда 1,8 миллиардтан астам адамды құрайды [15].

Көптеген ғасырлар бойы Қытай жүзеге асырған мәдени «иемдену» тәжірибесі мен саясатына назар аударсақ, ол туралы қазіргі американдық саясаттанушы Л. Пай «Қытай өзін ел ретінде көрсететін өркениет» деп тұжырымдады [16, 756 б.]. Қытай өркениеті әлемдегі ең көне өркениеттердің бірі екені белгілі, оның жасы, Қытай ғалымдарының пікірінше, шамамен бес мың жылды қамтитын кезеңге сәйкес келеді. Қолда бар жазбаша дереккөздер 3500 жылдан асатын мерзімді куәландырады. Біздің дәуірімізге дейін құрылған әкімшілік басқару жүйесі ғасырлар бойы дамыды. Біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырда бұл жүйеге мемлекет пен мемлекеттік идеологияны басқарудың негізгі принциптері түрінде конфуцийшілдік енгізілді, сондай-ақ бірегей жазу жүйесі құрылды [17]. Ішкі мәселелерді шешуге, біртұтас орталықтандырылған мемлекеттің құрылуы мен тиімді жұмыс істеуіне көп қаражат пен күш жұмсай отырып, Қытай көптеген ғасырлар бойы өзінің сыртқы жауларын салыстырмалы түрде аз жеңді. Алайда, көбінесе қытайлықтардың еңбекқорлығының, олардың егіншіліктегі, инженериядағы және т.б. білімдерінің, сондай-ақ жақсы ұйымдастырудың арқасында олар ғасырлар бойы халықтың репродуктивтілігінің салыстырмалы түрде жоғары деңгейін сақтай алды, бұл өз кезегінде бір жағынан мемлекеттің өміршеңдігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етті, ал екінші жағынан халықтарға қатысты мәдени және лингвистикалық асимилиация саясатын жүргізді, олар Қытай мемлекеті мен өркениетіне еніп, ақырында оған сіңіп немесе басқаша айтқанда, қытайлықтарға айналды. Осылайша, негізінен қытайлықтардың сандық және мәдени артықшылығы, оның ішінде материалдық, экономикалық артықшылығы мәдени және лингвистикалық империализмнің қытайлық түрінің сәттілігін қамтамасыз етті, соның арқасында Қытай қазіргі заманғы мөлшерге дейін өсті.

Біз жоғарыда келтірген мәдени және лингвистикалық империализмнің барлық нұсқалары формасы бойынша да, мазмұны жағынан да мәдениеттің жаһандану үдерісінің бір түрі болып табылады, оның нақты іске асуындағы мәні бір халықтың мәдениеті мен тілін басқа халықтарға сіңіру болып табылады. Әрине, бұл әрекетпен мәдениеттің жаһандану үдерісі шектелмейді. Алайда, біздің

пікірімізше, бір халықтың мәдениеті мен тілін басқа халықтардың мәдениеттері мен тілдеріне сіңіру үдерісі біз талдап отырған құбылыстың өзегін құрайтыны сөзсіз. Мәселе тек бұрынғы дәуірлерге қатысты ғана емес, сонымен қатар, ең бастысы, қазіргі заманда және болашақта да өзекті болып қалады. Мәдениеттің жаһандану үдерісі мен жоғарыда айтылған дүниелер арасында айқын қайшылық бар. Рим, Араб, Қытай және басқа да империялық тәжірибелер іс жүзінде жаһандық емес, керісінше, аймақтық сипаттағы процестерді көрсетеді.

Бұл қарама-қайшылық, егер біз қазіргі мәдениеттердің бірге өмір сүру және өзара бәсекелестік принциптерін есте ұстасақ, оңай жойылады. Әлбетте, біз анықтаған принциптердің өзі, физикалық заңдар сияқты, жергілікті, аймақтық немесе жаһандық сипат болсын, олар үрдістің көлеміне қатысты болмайды. Сонымен қатар, жаһандану үдерісі негізгі үрдіс болып табылатын қазіргі әлемде бұл принциптер ең айқын және қарқындылығы артып келеді. Тіпті жаһанданудың анықтамалары да осы тұжырымның пайдасына айтылады, олар қазіргі кезде өте көп және бұл анықтамалардың әрқайсысы оның мазмұнын тұтастай емес, белгілі бір қырын ашады. Біз осы анықтамалардың екеуін ғана береміз, өйткені олар жаһанданудың мәнін жеткілікті түрде айшықтайды. Сонымен, халықаралық энциклопедиялық сөздікте ол «Барлық жер шарына тән қоғам өмірінің әртүрлі салаларындағы бірегей құрылымдарды, байланыстар мен қатынастарды қалыптастыру, әмбебаптандыру үрдісі» ретінде анықталады, оның мәні «біртұтас әлемдік экономиканың жаһандық кеңістігінің тұйықталуымен, қатынастардың жан-жақты экологиялық үйлесімділігімен, жаһандық коммуникация және т.б.» деп өзін жария ететін объективті шындықты білдіреді» [18, 163 б.]. Екінші анықтамаға сәйкес жаһандану «Дүниежүзілік экономикалық, саяси, мәдени және діни интеграция мен бірігу процесі» болып табылады [19, 5 б.]. Әмбебаптандыру үдерісі немесе екінші анықтамада айтылғандай, Дүниежүзілік бірігу үдерісі оның нақты іске асырылуында әлеуеті төмен, ресурстармен аз қамтамасыз етілген, өзін-өзі қорғау мүмкіндіктері көп емес мәдениеттердің жойылу үдерісін білдіретіні анық. Жаһандану үдерісі объективті шындық екенін мойындау, шын мәнінде, оның табиғи сипатта екенін және ол өз кезегінде бұл үдерістің сөзсіз екенін білдіреді. Сонымен, әлемдік мәдени, ғылыми, қаржылық және саяси элитаның өкілдері құрған әйгілі Рим клубының құрылтайшысы және бірінші Президенті А. Печчеи өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының соңында өзінің «Адами қасиеттер» атты еңбегінде былай деп жазды: «Халықтар мен ұлттардың мәдени ерекшеліктерін қорғау және сақтау... адамзат прогресінің және өзін-өзі танытудағы шешуші сәт деп жариялады.

...Сонымен бірге, адамдар болашақта барлық мәдениеттер бір тектес болып кетуі мүмкін деп қорқады – және бұл, бүгінгі тәжірибе көрсеткендей, аса тартымды емес, сонымен қатар, иесі беймәлім біртектілікке қарай қозғалыс қазірдің өзінде жүріп жатыр» [20, 776 б.].

Қырық жылдан астам уақыт бұрын, А. Печчеи осы ғылыми жұмысты жазған кезде, адамзат қазіргі уақытта ақпараттық немесе постиндустриалды қоғам ретінде анықталған жаңа әлеуметтік-экономикалық формацияның алдында тұрды. Дегенмен, сол кездің өзінде - ақ А. Печчеи «технологиялық өркениеттің одан әрі дамуы, экономикалық өсу, бұқаралық ақпарат құралдарының кеңеюі, барлық адамдардың ұтқырлығының артуы – болашақта мұның бәрі өткен ұрпақтан жеткен сенім, ма-

хаббат, жан толғаныстары, тәкаппарлық, сұлулық сезімі мен жақсылыққа деген ұмтылыстардан қалған айғақтардың басым бөлігі жер бетінен түпкілікті және аяусыз жоғалып кету қаупі тұр» деп атап өтті [20, 781 б.].

Мәдениеттің жаһандану үдерісі жалпы жаһандану үдерісінің тікелей салдары, нәтижесі және органикалық бөлігі болып табылады, және соңғысы, жаһандану анықтамаларының бірінде бұрын айтылғандай, «Дүниежүзілік экономикалық, саяси, мәдени және діни интеграция мен бірігу процесі» [19, 5 б.] болып табылады, демек, мәдени жаһандану немесе мәдениеттің жаһандануы қазіргі уақытта өмір сүріп жатқан барлық мәдениеттерді біріктіру мен біріздендіру. Ресейлік зерттеушілер Л. Р. Храпаль, А. Р. Камалеева, қазіргі әлемдегі жаһандық мәдени даму «жергілікті қауымдастықтарды біріздендірудің айқын тенденциясына ие, бұл жалпы құндылықтардың, нормалардың, стандарттардың, идеалдардың таралуында білінеді және олар ішінара әмбебап сипатта» деп атап өткен еді [21, 203 б.].

Екінші жағынан, ресейлік саясаттанушы, тарих ғылымдарының докторы В.Б. Кувалдин атап өткендей, жаһандану үдерісі «іргетастан, әртүрлі экономикалық қызметтен басталады. ... және мәдениет саласында... өзгерістер байқалады... мұнда жаһандану саяси жүйелердің немесе мәдени нормалардың азды-көпті біртұтас формаларға түбегейлі салмақсыздығынан туындаған қиын кедергілерге тап болады. ... Бүгінгі таңда бұл айырмашылықтардың үлкендігі соншалық, адамзат әртүрлі өлшемдерде өмір сүреді деп айтуға болады» [22, 27 б.]. Басқаша айтқанда, «әртүрлі өлшемдерде» өмір сүретін әрбір халықтар мәдениетіндегі түбегейлі айырмашылықтар жаһандық мәдениетті қалыптастыру үдерісінде жоғары деңгейлі қақтығыстарға қолайлы жағдай жасайды, оның қалыптасуына кедергі келтіреді, алайда бұл жалпы үдерісті, мәдениеттердің интеграциясы мен бірігуінің жалпы тенденциясын жоққа шығармайды. Алайда, жоғарыда айтылғандардың бәрін ескере отырып, мұндай интеграция, біріншіден, қазіргі кездегі көптеген этникалық және ұлттық мәдениеттердің жойылып кетуіне әкеліп соқтырады, олар өздерін сындарлы сыртқы әсерлерден қорғай алмайды, екіншіден, біртұтас немесе басым әрекет ететін мәдениеттерді оңтайландырады. Ресейлік зерттеуші Л. И. Федоров атап өткендей, қазіргі уақытта болып жатқан қарқынды мәдени өзгерістер адамдардың мәдени бірегейлігіне әсер етеді және қазіргі уақытта «жаһандық әлемдегі мәдени коммуникацияның басым бөлігі мәдениеттің оңтайландырылған нұсқаларына тиесілі» [23, 135 б.]. Бұл жерде мәселе ең көп пайда табуға бағытталған және соның салдарынан кез-келген қоғамда сандық тұрғыдан басым болатын және осы себепті ең көп табыс әкелетін «орташа адам» деп аталатын бұқаралық мәдениет туралы болып отыр.

Соңғы бірнеше онжылдықта болған ақпараттық революцияға байланысты В.Г. Кувалдин біздің зерттеуімізге үлкен қызығушылық тудыратын келесі мазмұнды ойды жазады. Ақпараттық революция (АР), В.Г. Кувалдин жазғандай, «кеңістікті қысады, шекараларды ашады, Жер шарының кез-келген жерінде байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Ол адамдарды әлем азаматтарына айналдырады. ... Әлеуметтік өзара әрекеттесу үрдісі күшейіп, бұрын-сонды болмаған динамикаға ие болады. Қоғамдық өмір кеңістігі тығыздалып, біте қайнасады, осының арқасында біртектіге айналады» [22, 31 б.].

Кеңістікті сығымдау, шекараларды ашу, жеке тұлғаларды әлем азаматтарына айналдыру - әлемнің кез-келген нүктелерімен байланыс орнатуға мүмкіндік

беретін үшінші өлшем кеңістігінің пайда болуы, шекарасыз әлем концепциясын нақтылыққа айналдырды. Жаңа әлеуметтік кеңістіктегі уақытты жеделдету, әлеуметтік өзара әрекеттесуді едәуір күшейту, қоғамдық болмыстың кеңістігін тығыздау және араластыру арқылы біртектілікке ұмтылу - осының бәрі елу-алпыс жыл бұрын ғажайып ретінде қарастырылды. Бұл идеялар бір-екі ғасырдан кейін мүмкін болатын жаңа әлемнің сипаттамасы ретінде көрінген еді. Алдағы елу жылда адамзаттың дамуы қандай бағыт алатынын болжау қиын, әсіресе Жер шарын экологиялық тұрғыдан сақтау мәселесін шешпесе, не болатынын тіпті елестету қиын, әрине. Бірақ біз адамзаттың дамуының жалпы оң сценарийіне сүйенуіміз керек, әйтпесе кез-келген зерттеу, талдау барлық мағынаны жоғалтатыны сөзсіз.

Қорытынды

Мақалада мәдениеттің эволюциясы мен жаһандану үдерісінің тарихи және қазіргі заманғы аспектілері қарастырылған. Алғашқы мемлекеттер мен өркениеттердің пайда болуынан бастап, мәдениеттердің саралануы, бірігуі және өзара әрекеттесуінің екі негізгі тенденциясы анықталды: біріншісі - мәдениеттердің бір-бірінен алшақтауы мен ерекшеліктерінің күшеюі, екіншісі - мәдениеттердің бірігуі мен интеграциясы. Бұл үрдістер тарих бойы бір-бірімен қатар жүріп, адамзаттың рухани, интеллектуалдық және технологиялық дамуына әсер етті.

Қазіргі заманда мәдениеттің жаһандану үдерісі ақпараттық технологиялардың дамуы, байланыс құралдарының кеңеюі және идеялар мен құндылықтардың тез таралуы арқылы қарқынды түрде жалғасуда. Бұл үдеріс әртүрлі мәдениеттердің бірігуіне әкеліп, біртұтас жаһандық мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді. Дегенмен, бұл үрдіс тек оң әсерлерге ғана емес, сонымен қатар этникалық және ұлттық мәдениеттердің жойылуы, бұқаралық мәдениеттің үстемдігі сияқты қиындықтарды да туындатады.

Тарихи тәжірибелер (Рим, Араб, Қытай империялары) көрсеткендей, мәдениеттердің интеграциясы мен ассимиляциясы әрқашан да географиялық, экономикалық және саяси факторларға байланысты болды. Қазіргі заманда жаһандану үдерісі бұрынғыдан да күрделірек және динамикалық болып, әлемдік мәдениеттің біртұтас болашағын қалыптастыруға ұмтылуда. Бірақ бұл үрдістің нәтижелері адамзаттың рухани және мәдени әлеуетін сақтау мен дамыту мәселелерін шешуге байланысты болады.

Осылайша, мәдениеттің жаһандануы - бұл адамзат тарихының табиғи және объективті үрдісі, ол әртүрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен интеграциясы арқылы жаңа біртұтас әлемдік мәдениеттің қалыптасуына әкеледі. Бұл үрдістің маңыздылығын түсіну және оның қиындықтарын шешу - қазіргі заманның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ясперс К. Смысл и назначение истории. – М.: Политиздат, 1991.- 527 с.
- 2 Сегизбаев О.А. История казахской философии. От первых архаичных представлений древних до философии развитых форм первой половины XX столетия. – Алматы: Ғылым, 2001. – 455 с.

- 3 Романские языки // Энциклопедия Кругосвет [Электронный ресурс]. – URL: https://www.krugosvet.ru/enc/gumanitarnye_nauki/lingvistika/ROMANSKIE_YAZIKI.htm (Қаралған күні: 10.01.2025)
- 4 Испанский язык [Электронный ресурс]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Испанский_язык (Қаралған күні: 10.01.2025)
- 5 Португальский язык [Электронный ресурс]. – URL: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Португальский_язык#:~:text=Официальный%20язык%20Португалии%2С%20Бразилии%2С%20Анголы,Макао%20\(наряду%20с%20китайским\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/Португальский_язык#:~:text=Официальный%20язык%20Португалии%2С%20Бразилии%2С%20Анголы,Макао%20(наряду%20с%20китайским)) (Қаралған күні: 10.01.2025)
- 6 Французский язык [Электронный ресурс]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Французский_язык (Қаралған күні: 10.01.2025)
- 7 Итальянский язык [Электронный ресурс]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Итальянский_язык (Қаралған күні: 10.01.2025)
- 8 Румынский язык [Электронный ресурс]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Румынский_язык#:~:text=Согласно%20данным%20переписи%202002%20года,родным%20для%2090%20%25%20населения%20Румынии (Қаралған күні: 10.01.2025)
- 9 Каталанский язык [Электронный ресурс]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Каталанский_язык#:~:text=Каталанский%20язык%20является%20официальным%20языком,с%20испанским%20и%20в%20Андорре (Қаралған күні: 10.01.2025)
- 10 Ницше Ф. Воля к власти: опыт переоценки всех ценностей. В 3-х томах. Том 1. – М.: REFL-book, 1994. – 352 с.
- 11 Дюрант В., Цезарь и Христос. – М.: КРОН-ПРЕСС, 1995. – 736 с.
- 12 Мухаммед [Электронный ресурс]. – URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Мухаммед#Биография>. (Қаралған күні: 10.01.2025)
- 13 Арабский халифат [Электронный ресурс]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Арабский_халифат (Қаралған күні: 10.01.2025)
- 14 Арабский язык [Электронный ресурс]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Арабский_язык (Қаралған күні: 10.01.2025)
- 15 Ислам [Электронный ресурс]. URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Ислам> (Қаралған күні: 10.01.2025)
- 16 Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. – М.: Гардарики, 2000. – С. 754–773.
- 17 История Китая [Электронный ресурс]. URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/История_Китая (Қаралған күні: 10.01.2025)
- 18 Глобалистика. Международный энциклопедический словарь. – М.: Елима, 2006 – 1160 с.
- 19 Глебов Г.И., Милаева О.В., Современные международные отношения. – Пенза: Изд. Пенз. Гос. ун-та, 2010. – 98 с.
- 20 Печчеи А. Человеческие качества. М.: Гардарики, 2000. – С. 774–784.
- 21 Храпаль Л.Р., Камалеева А.Р. Культурная глобализация и этнокультурная идентичность общества как факторы модернизации современного образования // Известия Саратовского университета. – Т. 2. Сер. Акмеология образования. Психология развития. – Вып. 2. – С. 203–206.
- 22 Кувалдин В.Б. Глобализация – светлое будущее человечества. – М.: Гардарики, 2000. – С. 25–37.
- 23 Федорова Л.И. Изменения культуры в эпоху глобализации // Культурное разнообразие в эпоху глобализации / Cultural Diversity in the Epoch of Globalization: Материалы Международной конференции. Март 2006 года / Отв.ред. Курганова Н.И. – Мурманск.: МГПУ, 2006. – 4.1. – С. 133–138.

Transliteration

- 1 Jaspers K. Smysl i naznachenie istorii [The meaning and purpose of history]. – М.: Politizdat, 1991.- 527 s.

2 Segizbaev O. A. Istorija kazahskoj filosofii. Ot pervyh arhaichnyh predstavlenij drevnih do filosofii razvityh form pervoj poloviny XX stoletija [The history of Kazakh philosophy. From the first archaic ideas of the ancients to the developed forms of philosophy in the first half of the XXth century]. – Almaty.: Gylm, 2001. – 455 s.

3 Romanskije jazyki [Romance languages]// Jenciklopedija Krugosvet [Jelektronnyj resurs]. – URL: https://www.krugosvet.ru/enc/gumanitarnye_nauki/lingvistika/ROMANSKIE_YAZIKI.html (Қаралған кыні: 10.01.2025)

4 Ispanskij jazyk [Spanish] [Jelektronnyj resurs]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Ispanskij_jazyk (Қаралған кыні: 10.01.2025)

5 Portugal'skij jazyk [Portuguese] [Jelektronnyj resurs]. – URL: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Portugal'skij_jazyk#:~:text=Oficial'nyj%20jazyk%20Portugali%2C%20Brazili%2C%20Angoly,Makao%20\(narjadu%20s%20kitajskim\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/Portugal'skij_jazyk#:~:text=Oficial'nyj%20jazyk%20Portugali%2C%20Brazili%2C%20Angoly,Makao%20(narjadu%20s%20kitajskim)) (Қаралған кыні: 10.01.2025)

6 Francuzskij jazyk [French] [Jelektronnyj resurs]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Francuzskij_jazyk (Қаралған кыні: 10.01.2025)

7 Ital'janskij jazyk [Italian] [Jelektronnyj resurs]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Ital'janskij_jazyk (Қаралған кыні: 10.01.2025)

8 Rumynskij jazyk [Romanian] [Jelektronnyj resurs]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Rumynskij_jazyk#:~:text=Soglasno%20dannym%20perepisi%202002%20goda,rodnym%20dlja%2090%20%25%20naselenija%20Rumynii (Қаралған кыні: 10.01.2025)

9 Katalanskij jazyk [Catalan] [Jelektronnyj resurs]. – URL: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Katalanskij_jazyk#:~:text=Katalanskij%20jazyk%20javljaetsja%20oficial'nym%20jazykom,s%20ispanskim\)%20i%20v%20Andorre](https://ru.wikipedia.org/wiki/Katalanskij_jazyk#:~:text=Katalanskij%20jazyk%20javljaetsja%20oficial'nym%20jazykom,s%20ispanskim)%20i%20v%20Andorre) (Қаралған кыні: 10.01.2025)

10 Nische F. Volja k vlasti: opyt pereocenki vseh cennostej [The Will to Power: An Experience of Re-evaluating All Values]. V 3-h tomah. Tom 1. – М.: REFL-book, 1994. – 352 s.

11 Djurant V., Cezar' i Hristos [Caesar and Christ]. – М.: KRON-PRESS, 1995. – 736 s.

12 Muhammed [Jelektronnyj resurs]. – URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Muhammed#Biografija>. (Қаралған кыні: 10.01.2025)

13 Arabskij halifat [Arab Caliphate] [Jelektronnyj resurs]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Arabskij_halifat (Қаралған кыні: 10.01.2025)

14 Arabskij jazyk [Arabic] [Jelektronnyj resurs]. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Arabskij_jazyk (Қаралған кыні: 10.01.2025)

15 Islam [Islam] [Jelektronnyj resurs]. URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Islam> (Қаралған кыні: 10.01.2025)

16 Hantington S., Stolknovenie civilizacij [Clash of civilizations]. – М.: Gardariki, 2000. – S. 754–773.

17 Istorija Kitaja [History of China] [Jelektronnyj resurs]. URL: https://ru.wikipedia.Org/wiki/Istorija_Kitaja (Қаралған кыні: 10.01.2025)

18 Globalistika. Mezhdunarodnyj jenciklopedicheskij slovar' [Global Studies. International Encyclopedic Dictionary]. – М.: Elima, 2006 – 1160 s.

19 Glebov G.I., Milaeva O.V., Sovremennye mezhdunarodnye otnoshenija [Modern international relations]. – Penza: Izd. Penz. Gos. un-ta, 2010. – 98 s.

20 Pechchei A. Chelovecheskie kachestva [Human qualities]. М.: Gardariki, 2000. – S. 774–784.

21 Hrapal' L.R., Kamaleeva A.P. Kul'turnaja globalizacija i jetnokul'turnaja identichnost' obshhestva kak faktory modernizacii sovremennogo obrazovanija [Cultural globalization and ethnocultural identity of society as factors in the modernization of modern education]// Izvestija Saratovskogo universiteta. – T. 2. Ser. Akmeologija obrazovanija. Psihologija razvitija. – Vyp. 2. – S. 203–206.

22 Kuvaldin V.B. Globalizacija – svetloe budushhee chelovechestva [Globalization is the bright future of humanity]. – М.: Gardariki, 2000. – S. 25–37.

23 Fedorova L.I. Izmeneniya kul'tury v jepohu globalizacii [Cultural Change in the Age of Globalization] // Kul'turnoe raznoobrazie v jepohu globalizacii / Cultural Diversity in the Epoch of Globalization: Materialy Mezhdunarodnoj konferencii. Mart 2006 goda / Otv.red. Kurganova N.I. – Murmansk.: MGPU, 2006. – 4.1. – S. 133–138.

Садыкова Т.М, Какимжанова М.К., Анламасова Ы.Ж.

Взаимодействие культур в контексте глобализации: исторические процессы и современные тенденции

Аннотация. Статья анализирует механизмы влияния феномена глобализации на культуру, его генезис и современную роль с эпистемологическим обоснованием. В ходе исследования были использованы методы, включающие выявление ключевых процессов взаимовлияния и развития культур, оценку позитивных и негативных последствий глобализации, а также обсуждение влияния современных информационных технологий на межкультурный обмен. В предложенной статье систематически раскрываются механизмы культурной адаптации и взаимодействия через исторические примеры. Установлено, что глобализация, ускоряющаяся в настоящее время через информационные сети, инновационные технологии и массовую культуру, создает риск стирания этнонациональных особенностей. Показано, что глобализация культуры является объективной закономерностью для человечества, однако управление её последствиями требует решения таких вопросов, как сохранение национальной уникальности, поддержка культурного разнообразия и снижение усиливающейся экологической взаимозависимости. Исследование способствует пониманию современных социокультурных трансформаций и разработке стратегий их регулирования.

Ключевые слова: глобализация, межкультурное взаимодействие, ассимиляция, интеграция, национальная идентичность, технологические инновации, мультикультурализм.

Sadykova T., Kakimzhanova M., Anlamassova Y.

Interaction of Cultures in the Context of Globalization: Historical Processes and Contemporary Trends

Abstract. The article analyzes the mechanisms of the globalization phenomenon's impact on culture, its genesis, and contemporary role, grounded in an epistemological framework. The research methods employed include identifying key processes in the mutual influence and development of cultures, evaluating the positive and negative consequences of globalization, and discussing the impact of modern information technologies on intercultural exchange. In the proposed article, the mechanisms of cultural adaptation and interaction are systematically revealed through historical examples. It is established that globalization, currently accelerating through information networks, innovative technologies, and mass culture, poses a risk of erasing ethno-national distinctions. The study demonstrates that the globalization of culture is an objective inevitability for humanity, yet managing its consequences requires addressing issues such as preserving national uniqueness, supporting cultural diversity, and mitigating growing ecological interdependence. The research contributes to understanding modern socio-cultural transformations and developing strategies to manage them.

Keywords: globalization, intercultural interaction, assimilation, integration, national identity, technological innovations, multiculturalism.

Келін түсті 28.02.2025

Қабылданды 12.11.2025